

**Ақмола облысы
Бұланды ауданы
«Балдырған» бөбекжайы МКҚК**

**Логопедтің 2024-2025 оқу жылында
атқарылған жұмыс туралы есебі**

Логопед: Жаксалыкова А.С.

2024-2025 оқу жылы

**2024-2025 оқу жылы логопункте тізімде тұрған
балалармен жүргізілген жұмысқа**

ЕСЕП

Балаларды бастапқы бақылау нәтижесінде биылғы оқу жылында логопунктке ПМПКа қорытындысы бойынша қыркүйек айында 21 бала, қараша айында 4 бала, тіркеуге алынды. Оның ішінде 16 бала мектепалды тобының, 7 бала ересек тобының, 2 бала ортаңғы тобының тәрбиеленушілері.

Сөйлеу тіліндегі бұзылыстар түрі, құрылымы мен деңгейі:

Сөйлеу тілі жалпы дамуындағы кемшілігі бар I деңгейлі – 11 бала

II деңгейлі – 11 бала

III деңгейлі – 2 бала

Сөйлеу тілінің ерекше бұзылуы - 1 бала

Түзету жұмысының ең басты мақсаты: ауызша сөйлеу кемшіліктерін жою және алдын алу жөнінде балалармен түзету сабақтарын жүргізу болғандықтан балалар тіл мүкістігіне қарай 3-4 баладан топтарға бөлініп, құрылған кесте бойынша 20-25 минут топтық, 15-20 минут жеке сабақтар өткізілді. Түзету жұмысы 2024-2025 оқу жылына сөйлеу кемшіліктеріне қарай құрылған күнтізбелік-тақырыптық жоспарға сай жүргізілді. Ата – аналармен келісімшарт толтырылып, балалардың түзету жұмысына қатысуына келісімдерін берді. Педагогтармен және ата-аналармен тығыз байланыста жұмыс жүргізілді.

Түзету – дамыту жұмысы төменгідей кезеңдермен өтті.

1. Диагностикалық кезең:

- Баланың психо-физиологиялық қалпын үнемі және жан-жақты зерттеу.
- Сөйлеу тілі бұзылыстарының әр түрлі деңгей формаларын зерттеу.
- Таным әрекеттерінің бұзылу белгілерін, деңгейін анықтау.

2. Түзету – дамыту кезеңі:

- Баланың даму қалпын ескере отырып қадамдылық бағытта оқыту процессін жүргізу.
- Түзету-дамыту жұмыстарына ата-аналарды енгізу, тығыз байланыста болу.
- Әр жас кезеңіне сәйкес танымдық әрекеттерін дамыту.

3. Тәрбиелеу кезеңі:

- Баланың отбасындағы, қоғамдық орындардағы мінез-құлқын, жеке тұлғаның қоршаған ортада өзін-өзі ұстауға, жаңа ортаға үйренуіне қажетті жағымды қасиеттерін тәрбиелеу.

2024-2025 оқу жылы бойы түзету жұмысының диагностика қорытындысы және ата-аналардың сұранысы бойынша қазан-қараша айларында 9 тәрбиеленуші, мамыр айында 6 бала ПМПКа кеңесіне жіберілді.

Баланың сөйлеу тілінің бұзылуын түзету үшін логопедиялық сабақтарды әртүрлі жаттығулар арқылы жүргізілді. Сөйлеу тілі бұзылған балаларға жеке және топтық сабақ кестелері, баланың даму қабілетіне қарай бағыттталып жеке түзету-дамыту бағдарламалары мен жоспарлар құрылды.

Жалпы тілінің дамымауының әртүрлі деңгейіне байланысты құрылған жеке дамыту бағдарламасы бойынша қойылған төмендегідей мақсат-міндеттері:

- сөйлеу тілінің түсінуін қалыптастыру;
- сөздік қорларын дамыту;
- байланыстырып сөйлеу тілдерін дамыту, заттық және сюжеттік суреттер бойынша сөздер, сөйлемдер құрауға ынталандыру;
- артикуляциялық аппараттың икемдігін арттыру, қалыптастқан дыбыстарды қоюға арнайы жаттығулар қатарын үйрету;
- фонематикалық қабылдауын, есте сақтауын дамыту.

Түзету жұмыстарының нәтижесінде, балалар алғашқыға қарағанда берілген тапсырмаларды түсініп орындау, өз бетімен орындау, артикуляциялық жаттығуларды игеріп, сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, кеңейту сияқты жетістіктерге қол жеткізді.

Сөйлеу тілі жалпы дамымаған I, II, III деңгейлі балалармен келесі жұмыстар жүргізілді: жоғарыда айтылған логопедиялық түзету-дамыту жұмыстары

толығымен қамтылды. Сөйлеу тілінің түсінуін, сөздік қорын дамытуға арнайы лексикалық тақырыптар алынды. Бала тұрмыстық шуларды және жануарлардың дыбыстарын ажыратуға арналған жұмыс жүргізілді. Артикуляциялық аппараттың қимыл-қозғалысын дамытуда бала мимикалық, ерінге және тілге арналған жаттығуларды жасап үйренді. Саусақтарының қимыл-қозғалыстарын дамыту мақсатында жаттығулар, ұсақ заттармен жұмыс, қарындашпен жұмыс түрлері кеңінен жүргізілді. Түзету – дамыту жұмыстары барысында балалар дұрыс тыныс алуға, сөздің грамматикалық құрылымын түсінуге үйренді.

Оқу жылының соңына қарай 2 тәрбиеленуші логопедтік пунктан әр түрлі себептерге байланысты шығып кетті, айтарлықтай жақсару динамикасы бар және мектепке кетуіне байланысты 16 бала шығарылды, бұл 68%, 7 бала келесі оқу жылында түзету-дамыту жұмыстарын жалғастырады, бұл 30% құрайды.

Жыл бойы өз біліктілігімді көтеру бойынша да жұмыстар жүргізіліп тұрды. Айта кетсем, 2024 жылғы 29 қараша айында «Ақмола облысы білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім бөлімі Үлгі ауылының жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде өткен «Педагогикалық қызметтегі шеберлік пен шығармашылық» озық педагогикалық тәжірибені тарату жөніндегі облыстық әдістемелік семинар-практикумда «Көңілді тіл» үйірме жұмысы тақырыбында озық тәжірибемді таратқаным үшін сертификатпен марапатталдым. Аудандық деңгейде іс-тәжірибемен бөлісу мақсатында «Көңілді тіл» тақырыбында шебер-сағат көрсетіп сертификатқа ие болдым. Аудандық деңгейде «Педагогтардың өз білімін жетілдіру тақырыптары бойынша әдістемелік құралдарының сараптамасы» тақырыбындағы әдістемелік отырыста «Мектепке дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуға арналған жаттығулар» атты әдістемелік құралыммен таныстырып, тәжірибе алмастым. Балабақшаішілік мектепалды тобының тәрбиеленушілерімен «Мамандықтар» «С» дыбысы» тақырыбында топтық түзету-дамыту ашық ұйымдастырылған іс-әрекет көрсеттім.